



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2023 жылдың маусым айындағы
ҚР өңірлеріндегі инфляциялық үрдістер туралы

2023 жылғы 18 шілде

Қазақстан Ұлттық Банкі ҚР өңірлеріндегі инфляциялық үрдістер туралы деректі жариялады.

2023 жылдың маусым айында елде **жылдық инфляция** баяулап, **14,6%**-ды құрады (мамырда – 15,9%). Аймақтар бойынша инфляция барлық 20 өңірде бәсеңдеді.

Жылдық инфляцияның ең жоғары мәні Солтүстік Қазақстан, Ұлытау, Ақмола облыстарында және Астана қаласында тіркелді.

Маусымда **азық-түлік** тауарларының бағасы 14,6%-ға дейін ж/ж (мамырда – 16,5%) баяулады. Осы топ тауарларының бағасы Маңғыстау облысында (17,2%) барынша жоғары, ал Алматы қаласында (12,7%) мейлінше төмен өсті.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсу қарқыны 15,8%-ға дейін ж/ж баяулады (мамырда – 17,2%). Ең жоғары мән Астана қаласында (21,5%), ең төмен мән Алматы облысында (12,4%) тіркелді.

Маусымда **ақылы көрсетілетін қызмет** бағасы ж/ж 13,3%-ға дейін баяулады (мамырда – 13,5%). Бұл ретте жалпы республикалық деңгейден баға Ұлытау облысында (17,3%) біршама жоғары, Абай облысында (10,7%) айтарлықтай төмен өсті.

2023 жылғы маусымда елде **айлық инфляция 0,5%**-ға өсті.

Толығырақ: <https://www.nationalbank.kz/kz/news/inflyacionnye-tendencii-v-regionah/rubrics/1977>

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы алуына болады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz